

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы калькуляторының жаңа мүмкіндіктері

Болашақ зейнетақының мөлшері туралы сұраққа жауап іздеген БЖЗҚ салымшылары ыңғайлы құрал – зейнетақы калькуляторын пайдалана алады. Оның мүмкіндіктері жақында ғана жаңа функциялармен тролықтырылды. Енді сіз өзіңіздің болжамды болашақ зейнетақыңызды дербес есептеп қана қоймай, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасындағы соңғы өзгерістерге сәйкес сақтандыру ұйымынан және болжамды зейнетақы калькуляторынан сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін есептеуді өзектендіре аласыз. Бұл ретте мүгедек адамдардың және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы да ескерілді. Бұл оларға зейнетақы аннуитетінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекске сәйкес ең төменгі базалық зейнетақының мөлшері кезең-кезеңімен 70% дейін, ал ең жоғары мөлшері 2023-2027 жылдар кезеңінде ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан 120% дейін ұлғайтылатын болады. Сонымен қатар, салымшылар міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарының 50% дейін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына аудару мүмкіндігіне ие болды.

Естеріңізге салайық, Калькулятор екі түрде ұсынылған. "Ағымдағы" - бұл неғұрлым жеңілдетілген нұсқа, оның көмегімен зейнетке алдағы жылы шығатындар міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары төлемінің мөлшерін есептей алады. "Болжамды" калькулятор болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеп қана қоймай, оның неден тұратынын да көрсетеді. Есептеу үш сценарий бойынша жүзеге асырылады: пессимистік, шынайы және оптимистік. Бұл салымшыға нақты инвестициялық кірістің болжамды деңгейін ескеретін барлық мүмкін нұсқаларды көруге көмектеседі.

Есептеу кезінде Калькулятор барлық құрамдауыштарды - базалық және ортақ зейнетақыны; 10% МЗЖ; 5% МКЗЖ және ерікті зейнетақы жарналарын ескереді. Болашақ зейнетақының мөлшерін Болжамды калькулятор арқылы есептеу үшін бірнеше қарапайым әрекеттерді орындау қажет. Туған күні, жынысы, еңбек өтілі, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі сияқты барлық өрістерді толтырып, бүгінгі күндегі жинақ сомасы мен соңғы уақыттағы орташа жалақы мөлшерін көрсетесіз. Нәтиже алу үшін - "есептеу" батырмасын басыңыз. Калькуляторды жеке кабинет арқылы пайдаланған кезде барлық дерлік өрістер автоматты түрде толтырылады және есептеу дәлірек болады. Зейнетақы жинақтарының болжамды сомасы жеткіліктіліктің ең төменгі шегінен асып кеткен жағдайда, оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге алу мүмкіндігі туралы хабарлама пайда болады. Сондай-ақ, зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда, салымшылар үшін зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін "Өмірді сақтандыру компаниясына (ӨСК) жинақтарды аудару" функциясы көзделген. Зейнетақыны есептеу нәтижелері ағымдағы күнтізбелік жылға болжамды болып табылатынын, ал түпкілікті есеп сақтандыру ұйымына жүгінген кезде жүргізілетінін есте ұстаған жөн.

Қазақ және орыс тілдеріндегі бейнематериал мына сілтемелер бойынша қолжетімді:

<https://youtu.be/lt6g9fOo7Qs>

<https://youtu.be/fuXzZxKKPbs>

«Зейнетақы калькуляторы» қызметімен «БЖЗҚ» АҚ сайтында <https://www.enpf.kz/kz/elektronnye-servisy/calcs.php> толығырақ танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).